

Павлодар ауыл шаруашылық ғылыми-зерттеу институтын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 22 қазан 1993 ж. N 1047

Ғылыми зерттеулерді кеңейту, тереңдету және оның нәтижелерін агроөнеркәсіптік кешен салаларына тиімді енгізу, республиканың солтүстік-шығыс аймағының ғылыми потенциалын барынша ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Павлодар облысы әкімінің Павлодар топырақты эрозиядан қорғау жөніндегі тәжірибе станциясының, Павлодар облыстық мемлекеттік ауыл шаруашылық тәжірибе станциясының, Қазақ ғылыми-зерттеу мал дәрігерлік институтының Павлодар ғылыми-зерттеу мал дәрігерлік станциясының, "Жем және жайылым" ғылыми-өндірістік бірлестігінің Солтүстік-Шығыс бөлімшесінің негізінде Қазанның 25 жылдығы атындағы тәжірибе шаруашылығымен және Қазақ орман шаруашылығы және агроорманмелиорациясы ғылыми-зерттеу институтының Прииртыш орман тәжірибе станциясымен қоса Павлодар облысының Павлодар ауданындағы Красноармейка поселкесінде Павлодар ауыл шаруашылық ғылыми-зерттеу институтын құру туралы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен, Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясымен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Аталған Институтты құру Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясының ғылыми-зерттеу жұмыстарына белгілеген қаржы, материалдық ресурстар, бюджеттік қаражат, басқа да лимиттер мен нормативтер шегінде жүзеге асырылсын.

3. Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясының Президиумы Павлодар облысының әкімімен бірлесе отырып 2 ай мерзім ішінде Павлодар ауыл шаруашылық ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметінің негізгі бағыты мен құрылымын белгілесін.

4. Павлодар облыстық мемлекеттік ауыл шаруашылық тәжірибе станциясының және Павлодар топырақты эрозиядан қорғау жөніндегі тәжірибе станциясының өндірістік бөлімшелері негізінде жаңа құрылған институт құрамында екі тәжірибе шаруашылығы құрылсын.

5. Мыналар:

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің "Республика ауыл шаруашылығы жөніндегі ғылыми-зерттеу мекемелерінің жұмысын жақсарту жайындағы шаралар туралы" 1956 жылғы 21 тамыздағы N 501

қаулысына N 1 қосымшаның 9 тармағы;

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің "Қазақ КСР-інде топырақтың жел эрозиясына қарсы күрес шаралары туралы" 1963 жылғы 3 мамырдағы N 356 қаулысының 8 тармағының "в" қосымша тармағы;

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1964 жылғы 23 қарашадағы N 2177 өкімінің Прииртыш (Павлодар облысы) орман тәжірибе станциясын құру бөлігінің;

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің "Қазақ ғылыми-зерттеу мал дәрігерлік институтының ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі Павлодар ғылыми-зерттеу мал дәрігерлік станциясын құру туралы" 1980 жылғы 23 желтоқсандағы N 474 қаулысы;

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің "ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесінің "Жем және жайылым" ғылыми-өндірістік бірлестігін құру туралы" 1987 жылғы 25 желтоқсандағы N 581 қаулысының "Жем және жайылым" ғылыми-өндірістік бірлестігінің құрамына Қазанның 25 жылдығы атындағы тәжірибе шаруашылығын (Павлодар облысы) енгізу бөлігінің;

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің "Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясын құру мәселелері" 1991 жылғы 17 сәуірдегі N 240 қаулысына N 2 қосымшаның (Қазақ КСР ҚЖ, 1991 ж., N 11, 73-бап) Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясының құрамына кіретін ғылыми-өндірістік бірлестіктердің, ғылыми ұйымдардың, тәжірибе шаруашылықтары мен совхоздардың Тізбесіне:

- Қазақ ғылыми-зерттеу мал дәрігерлік институтының Павлодар

ғылыми-зерттеу мал дәрігерлік станциясын (Павлодар қаласы);

- Қазанның 25 жылдығы атындағы тәжірибе шаруашылығын (Павлодар облысы, Краснокут ауданы);

- Павлодар облыстық мемлекеттік ауыл шаруашылық тәжірибе станциясын;

- Павлодар Еңбек Қызыл Ту орденді топырақты эрозиядан қорғау жөніндегі тәжірибе станциясын енгізу бөлігі күшін жойған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК